б) A матрицасының детерминантын $i = 3$ жатық жолы бойынша жіктеп есептеуді, (4) формула негізінде $|A| = a_{31}A_{31} + a_{32}A_{32} + a_{33}A_{33}$ түрінде орындалады:

$$\det A = \begin{vmatrix} -1 & -5 & -2 \\ 1 & 2 & 3 \\ 4 & -3 & 6 \end{vmatrix} = 4\cdot A_{31} + (-3)\cdot A_{32} + 6\cdot A_{33} =$$

$$= 4\cdot\begin{vmatrix} -5 & -2 \\ 2 & 3 \end{vmatrix} + (-3)\cdot\left(-\begin{vmatrix} -1 & -2 \\ 1 & 3 \end{vmatrix}\right) + 6\cdot\begin{vmatrix} -1 & -5 \\ 1 & 2 \end{vmatrix} = 4\cdot(-11) + 3\cdot(-1) + 6\cdot 3 = -29;$$

в) A матрицасының детерминантын $j=2$ тік жолы бойынша жіктеп есептеуді, (4) формула негізінде $|A| = a_{21}A_{21} + a_{22}A_{22} + a_{32}A_{32}$ түрінде орындалады:

$$\det A = \begin{vmatrix} -1 & -5 & -2 \\ 1 & 2 & 3 \\ 4 & -3 & 6 \end{vmatrix} = -5 \cdot A_{12} + 2 \cdot A_{22} + (-3) \cdot A_{32} =$$

$$= -5 \cdot \left(- \begin{vmatrix} 1 & 3 \\ 4 & 6 \end{vmatrix} \right) + 2 \cdot \begin{vmatrix} -1 & -2 \\ 4 & 6 \end{vmatrix} + (-3) \cdot \left(- \begin{vmatrix} -1 & -2 \\ 1 & 3 \end{vmatrix} \right) = -5 \cdot 6 + 2 \cdot 2 - 3 \cdot 1 = -29.$$

3 - тапсырмаға нұсқау.

n белгісізді n сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесі:

$$\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + ... + a_{1n}x_1 = в_1 \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + ... + a_{2n}x_1 = в_2, \\ ... \quad ... \quad ... \quad ... \quad ... \quad ... \\ a_{n1}x_1 + a_{n2}x_2 + ... + a_{nn}x_1 = в_n. \end{cases} \tag{5}$$

(5) теңдеулер жүйесі матрицалық формада:

$$AX = B \tag{6}$$

түрінде жазылады. Мұнда:

$$A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & ... & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & ... & a_{2n} \\ ... & ... & ... & ... \\ a_{n1} & a_{n2} & ... & a_{nn} \end{pmatrix}, \quad X = \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ ... \\ x_n \end{pmatrix}, \quad B = \begin{pmatrix} в_1 \\ в_2 \\ ... \\ в_n \end{pmatrix}. \tag{7}$$

(5) теңдеулер жүйесі үшін Крамер формуласы:

$$x_j = \frac{\Delta_j}{\Delta}, \quad j = 1,2, \dots, n, \tag{8}$$

мұнда $\Delta = \det A$ - жүйенің белгісіздерінің коэффициенттерінен түзілген анықтауышы;

Δ_j - негізгі матрицаның j бағанын жүйенің бос мүшелерімен алмастырудан алынатын белгісіздер үшін қосымша анықтауыштар.

Үш белгісізді үш сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесі үшін (8) Крамер формуласы:

$$x_1 = \frac{\Delta_1}{\Delta}; \quad x_2 = \frac{\Delta_2}{\Delta}; \quad x_3 = \frac{\Delta_3}{\Delta} \tag{9}$$

түрінде жазылады.

(5) жүйенің матрицалық формада жазылуында оның шешімін:

$$X = A^{-1}B \tag{10}$$

табу ыңғайлы.

(5) теңдеулер жүйесін Гаусс әдісімен шешуде қарапайым түрлендірулер негізінде біртіндеп айнымалыларын жою арқылы берілген жүйеге пара-пар кеңейтілген матрицасын үшбұрышты түрге келтіру арқылы орындалады.

3 - тапсырмаға мысал. Теңдеулер жүйесін шешіңіз:

$$\begin{cases} x - 3y - z = -4; \\ x - 4y - 5z = 1; \\ -4x + 3y + 2z = -7 \end{cases}$$

а) Крамер ережесі бойынша;

ә) матрицалық есептеу әдісімен;

б) Гаусс әдісімен.

Шешуі:

а) берілген теңдеулер жүйесі үшін (9) Крамер формуласын қолданамыз. Теңдеулер жүйесінің негізгі анықтауышы нөлден өзгеше:

$$\Delta = \begin{vmatrix} 1 & -3 & -1 \\ 1 & -4 & -5 \\ -4 & 3 & 2 \end{vmatrix} = -8 - 3 - 60 + 16 + 15 + 6 = -34 \neq 0.$$

Ал, белгісіздер үшін түзілген анықтауыштар:

$$\Delta_1 = \begin{vmatrix} -4 & -3 & -1 \\ 1 & -4 & -5 \\ -7 & 3 & 2 \end{vmatrix} = 32 - 3 - 105 + 28 - 60 + 6 = -102;$$

$$\Delta_2 = \begin{vmatrix} 1 & -4 & -1 \\ 1 & 1 & -5 \\ -4 & -7 & 2 \end{vmatrix} = 2 + 7 - 80 - 4 - 35 + 8 = -102;$$

$$\Delta_3 = \begin{vmatrix} 1 & -3 & -4 \\ 1 & -4 & 1 \\ -4 & 3 & -7 \end{vmatrix} = 28 - 12 + 12 + 64 - 21 - 3 = 68.$$

Сонымен, Крамер ережесі бойынша теңдеулер жүйесінің шешімі:

$$x=\frac{\Delta_1}{\Delta}=\frac{-102}{-34}=3;\ y=\frac{\Delta_2}{\Delta}\frac{-102}{-34}=3;\ z=\frac{\Delta_3}{\Delta}=\frac{68}{-34}=-2.$$

Жауабы: $x=3,\ y=3,\ z=-2.$

ә) берілген теңдеулер жүйесін матрицалық есептеу әдісімен шешеміз:

$$X=\begin{pmatrix}x\\y\\z\end{pmatrix}=A^{-1}\cdot B.$$

Мұнда кері матрица:

$$A^{-1}=\frac{1}{\det A}\cdot\begin{pmatrix}A_{11}&A_{21}&A_{31}\\A_{12}&A_{22}&A_{32}\\A_{13}&A_{23}&A_{33}\end{pmatrix},$$

ал, бос мүшелер матрицасы: $B=\begin{pmatrix}-4\\1\\-7\end{pmatrix}.$

Жүйенің негізгі матрицасының детерминанты нөлден өзгеше:

$$\det A=\left|\begin{pmatrix}1&-3&-1\\1&-4&-5\\-4&3&2\end{pmatrix}\right|=-34\neq 0,$$

яғни, кері A^{-1} матрицасы бар, оны табу үшін алдымен бүкіл алгебралық толықтауыштарын табамыз:

$$A_{11}=M_{11}=\begin{vmatrix}-4&-5\\3&2\end{vmatrix}=7;\quad A_{12}=-M_{12}=-\begin{vmatrix}1&-5\\-4&2\end{vmatrix}=18;\quad A_{13}=M_{13}=\begin{vmatrix}1&-4\\-4&3\end{vmatrix}=-13;$$

$$A_{21}=-M_{21}=-\begin{vmatrix}-3&-1\\3&2\end{vmatrix}=3;\quad A_{22}=M_{22}=\begin{vmatrix}1&-1\\-4&2\end{vmatrix}=-2;\quad A_{23}=-M_{23}=-\begin{vmatrix}1&-3\\-4&3\end{vmatrix}=9;$$

$$A_{31}=M_{31}=\begin{vmatrix}-3&-1\\-4&-5\end{vmatrix}=11;\quad A_{32}=-M_{32}=-\begin{vmatrix}1&-1\\1&-5\end{vmatrix}=4;\quad A_{33}=M_{33}=\begin{vmatrix}1&-3\\1&-4\end{vmatrix}=-1.$$

Яғни, кері A^{-1} матрица:

$$A^{-1}=\frac{1}{-34}\cdot\begin{pmatrix}7&3&11\\18&-2&4\\-13&9&-1\end{pmatrix}.$$

Сонымен, теңдеулер жүйесінің шешімі:

$$\begin{pmatrix} x \\ y \\ z \end{pmatrix} = \frac{1}{-34}\cdot\begin{pmatrix} 7 & 3 & 11 \\ 18 & -2 & 4 \\ -13 & 9 & -1 \end{pmatrix}\cdot\begin{pmatrix} -4 \\ 1 \\ -7 \end{pmatrix} = \frac{1}{-34}\cdot\begin{pmatrix} -28+3-77 \\ -72-2-28 \\ 52+9+7 \end{pmatrix} = \frac{1}{-34}\cdot\begin{pmatrix} -102 \\ -102 \\ 68 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} 3 \\ 3 \\ -2 \end{pmatrix}.$$

Жауабы: $x = 3,\ y = 3,\ z = -2;$

б) берілген теңдеулер жүйесін біртіндеп айнымалыларын жою үшін Гаусс әдісін қолданамыз. Теңдеулер жүйесінінің кеңейтілген матрицасын жазып, оның 1-ші жолының элементтерін «-1-ге» көбейтіп 2-ші жолына қосып, нәтижесін 2-жол ретінде жазамыз. 1-ші жолды «4-ке» көбейтіп 3 жолға қосып, нәтижесін 3-жол ретінде жазамыз. Енді 2-ші жолды «-9-ға» көбейтіп 3-ші жолға қосып нәтижесін 3-жол ретінде жазамыз:

$$\begin{cases} x-3y-z=-4 \\ x-4y-5z=1, \\ -4x+3y+2z=-7 \end{cases} \leftrightarrow \left(\begin{array}{ccc|c} 1 & -3 & -1 & -4 \\ 1 & -4 & -5 & 1 \\ -4 & 3 & 2 & -7 \end{array}\right) \sim \left(\begin{array}{ccc|c} 1 & -3 & -1 & -4 \\ 0 & -1 & -4 & 5 \\ 0 & -9 & -2 & -23 \end{array}\right) \sim \left(\begin{array}{ccc|c} 1 & -3 & -1 & -4 \\ 0 & -1 & -4 & 5 \\ 0 & 0 & 34 & -68 \end{array}\right).$$

Мұндағы соңғы матрица келесі теңдеулер жүйесіне сәйкес:

$$\begin{cases} x-3y-z=-4 \\ -y-4z=5, \\ 34z=-68 \end{cases} \to \begin{cases} x=4+3y+z \\ y=-4z-5, \\ z=-2 \end{cases} \to \begin{cases} x=3 \\ y=3 \\ z=-2. \end{cases}$$

Жауабы: $x = 3,\ y = 3,\ z = -2.$

4 - тапсырмаға нұсқау.

Бас нүктесі $A_1(x_1; y_1;\ z_1)$ соңғы нүктесі $A_2(x_2; y_2;\ z_2)$ болатын $\bar{a} = \overline{A_1A_2}$ векторының координатасы:

$$\bar{a} = \overline{A_1A_2} = (x_2 - x_1;\ y_2 - y_1;\ z_2 - z_1)$$

түрінде табылады. Ал, оның модулі (ұзындығы):

$$|\bar{a}| = \left|\overline{A_1A_2}\right| = \sqrt{(x_2-x_1)^2 + (y_2-y_1)^2 + (z_2-z_1)^2}.$$

Өзінің координаталарымен $\bar{a} = (x;\ y;\ z)$ берілген векторының модулі:

$$|\bar{a}| = \sqrt{x^2 + y^2 + z^2}.$$

Нүктелері $A_1(x_1; y_1; z_1)$ және $A_2(x_2; y_2; z_2)$ болатын A_1A_2 кесіндісінің дәл ортаңғы $A(x;\ y;\ z)$ нүктесінің координатасы:

$$A\left(\frac{x_2+x_1}{2};\ \frac{y_2+y_1}{2};\ \frac{z_2+z_1}{2}\right).$$

Координаталарымен $\bar{a}=(x_1;\ y_1;\ z_1)$, $\bar{в}=(x_2;\ y_2;\ z_2)$ және $\bar{c}=(x_3;\ y_3;\ z_3)$ векторлары берілген делік.

1. Екі $\bar{a}=(x_1;\ y_1;\ z_1)$ және $\bar{в}=(x_2;\ y_2;\ z_2)$ векторларының скалярлық көбейтіндісі олардың аттас координаталарының көбейтінділерінің қосындысына тең скаляр:

$$\bar{a}\cdot\bar{в}=x_1x_2+y_1y_2+z_1z_2. \tag{11}$$

2. Екі $\bar{a}=(x_1;\ y_1;\ z_1)$ және $\bar{в}=(x_2;\ y_2;\ z_2)$ векторларының векторлық көбейтіндісі бұл векторларға ортогональ болатын $\bar{c}=(x;\ y;\ z)$ векторы:

$$\bar{c}=\bar{a}\times\bar{в}=\begin{vmatrix}\bar{i} & \bar{j} & \bar{k}\\ x_1 & y_1 & z_1\\ x_2 & y_2 & z_2\end{vmatrix}=\begin{vmatrix}y_1 & z_1\\ y_2 & z_2\end{vmatrix}\cdot\bar{i}-\begin{vmatrix}x_1 & z_1\\ x_2 & z_2\end{vmatrix}\cdot\bar{j}+\begin{vmatrix}x_1 & y_1\\ x_2 & y_2\end{vmatrix}\cdot\bar{k}. \tag{12}$$

3.Үш $\bar{a}=(x_1;\ y_1;\ z_1)$, $\bar{в}=(x_2;\ y_2;\ z_2)$ және $\bar{c}=(x_3;\ y_3;\ z_3)$ векторларының аралас көбейтіндісі, алғашқы екі вектордың векторлық көбейтіндісінің үшінші векторға скалярлық көбейтіндісіне тең:

$$\bar{a}\bar{в}\bar{c}=(\bar{a}\times\bar{в})\cdot\bar{c}=\begin{vmatrix}x_1 & y_1 & z_1\\ x_2 & y_2 & z_2\\ x_3 & y_3 & z_3\end{vmatrix}. \tag{13}$$

$\bar{a}$ векторының нөлдік емес $\bar{в}$ векторына ортогональдық проекциясы:

$$пр_{\bar{в}}\bar{a}=\frac{\bar{a}\cdot\bar{в}}{|\bar{в}|}, \tag{14}$$

осы тәріздес $\bar{в}$ векторының нөлдік емес $\bar{a}$ векторына ортогональдық проекциясы:

$$пр_{\bar{a}}\bar{в}=\frac{\bar{a}\cdot\bar{в}}{|\bar{a}|}.$$

Төбелері $A(x_1; y_1; z_1)$, $B(x_2; y_2; z_2)$ және $C(x_3; y_3; z_3)$ нүктелері болатын параллелограмның және үшбұрыштың ауданы:

$$S_{паралл} = \left|\overline{a} \times \overline{в}\right|; \quad S_{\Delta ABC} = \frac{\left|\overline{a} \times \overline{в}\right|}{2}. \tag{15}$$

Қабырғалары $\overline{a} = (x_1;\ y_1;\ z_1)$, $\overline{в} = (x_2;\ y_2;\ z_2)$ және $\overline{c} = (x_3;\ y_3;\ z_3)$ векторлары ретінде тұрғызылған пирамида көлемі параллелипипед көлемінің $\frac{1}{6}$ бөлігіне тең:

$$V = \frac{\left|\overline{a}\overline{в}\overline{c}\right|}{6}.$$

4 - тапсырмаға мысал. $A(5;\ 2;\ -3)$, $B(1;\ 4;\ 2)$ және $C(6;\ 0;-1)$ нүктелері және, $\overline{c} = (-3;\ 4;\ 7)$ векторы берілген. Табыңыз:

а) $\overline{a} = \overline{AB}$ және $\overline{в} = \overline{BC}$ векторларының координаталары мен модульдерін;

ә) AB кесіндісінің және BC кесіндісінің ортасының координаталарын;

б) векторлардың $\overline{a} \cdot \overline{в}$ скалярлық көбейтіндісін және $пр_{\overline{в}}\overline{a}$ проекциясын;

в) векторлардың $\overline{a} \times \overline{в}$ векторлық және $\overline{a}\overline{в}\overline{c}$ аралас көбейтінділерін;

г) төбелері $A(x_1; y_1; z_1)$, $B(x_2; y_2; z_2)$ және $C(x_3; y_3; z_3)$ нүктелері болатын параллелограмның және үшбұрыштың ауданын;

д) қабырғалары $\overline{a}$, $\overline{в}$ және $\overline{c}$ векторлары ретінде тұрғызылған пирамида көлемін.

Шешуі:

а) $\overline{a} = \overline{AB}$ және $\overline{в} = \overline{BC}$ векторларының координаталары мен модульдері:

$$\overline{a} = \overline{AB} = (1-5;\ 4-2;\ 2-(-3)) = (-4;\ 2;\ 5),\ \left|\overline{a}\right| = \left|\overline{AB}\right| = \sqrt{(-4)^2 + 2^2 + 5^2} = \sqrt{25} = 5;$$

$$\overline{в} = \overline{BC} = (6-1;\ 0-4;\ -1-2) = (5;\ -4;\ -3);$$

$$\left|\overline{в}\right| = \left|\overline{BC}\right| = \sqrt{5^2 + (-4)^2 + (-3)^2} = \sqrt{40} = 2\sqrt{10};$$

ә) AB және BC кесінділерінің орталарын сәйкесінше $M(x;\ y;\ z)$, $N(x;\ y;\ z)$ нүктелері деп табалық:

$$M\left(\frac{5+1}{2};\ \frac{2+4}{2};\ \frac{-3+2}{2}\right) = M\left(3;\ 4;\ -\frac{1}{2}\right);\quad N\left(\frac{1+6}{2};\ \frac{4+0}{2};\ \frac{2-1}{2}\right) = N\left(\frac{7}{2};\ 2;\ -\frac{1}{2}\right);$$

б) векторлардың (11) $\overline{a} \cdot \overline{в}$ скалярлық көбейтіндісі және (14) $пр_{\overline{в}}\overline{a}$ проекциясы:

$$\overline{a} \cdot \overline{в} = -4 \cdot 5 + 2 \cdot (-4) + 5 \cdot (-3) = -43; \qquad пр_{\overline{в}}\overline{a} = \frac{\overline{a} \cdot \overline{в}}{\left|\overline{в}\right|} = -\frac{43}{2\sqrt{10}};$$

в) векторлардың (12) $\bar{a}\times\bar{в}$ векторлық және (13) $\bar{a}\bar{в}\bar{c}$ аралас көбейтінділері:

$$\bar{a}\times\bar{в}=\begin{vmatrix}\bar{i} & \bar{j} & \bar{k}\\ -4 & 2 & 5\\ 5 & -4 & -3\end{vmatrix}=\begin{vmatrix}2 & 5\\ -4 & -3\end{vmatrix}\cdot\bar{i}-\begin{vmatrix}-4 & 5\\ 5 & -3\end{vmatrix}\cdot\bar{j}+\begin{vmatrix}-4 & 2\\ 5 & -4\end{vmatrix}\cdot\bar{k}=14\bar{i}+13\bar{j}+6\bar{k};$$

$$\bar{a}\bar{в}\bar{c}=\begin{vmatrix}-4 & 2 & 5\\ 5 & -4 & -3\\ -3 & 4 & 7\end{vmatrix}=112+80+18-60-48-70=52;$$

г) төбелері үш $A(5;\,2;\,-3),\ B(1;\ 4;\ 2)$ және $C(6;\,0;-1)$ нүктелерінде болатын параллелограмның және үшбұрыштың (15) ауданы сәйкесінше:

$$S_{паралл}=\left|\bar{a}\times\bar{в}\right|=\sqrt{14^2+13^2+6^2}=\sqrt{401};\quad S_{\Delta ABC}=\frac{\left|\bar{a}\times\bar{в}\right|}{2}=\frac{\sqrt{401}}{2};$$

д) қабырғалары $\bar{a},\ \bar{в}$ және $\bar{c}$ векторлары ретінде тұрғызылған үшбұрышты пирамиданың көлемі:

$$V=\frac{\left|\bar{a}\bar{в}\bar{c}\right|}{6}=\frac{1}{6}\cdot 52=\frac{26}{3}.$$

5 - тапсырмаға нұсқау.

Жазықтықта екі $A_1(x_1,y_1)$ және $A_2(x_2,y_2)$ нүктелері арқылы өтетін түзу теңдеуі:

$$\frac{y-y_1}{y_2-y_1}=\frac{x-x_1}{x_2-x_1}. \tag{16}$$

Түзудің (16) теңдеуінен оның жалпы теңдеуі алынады:

$$Ax+By+C=0. \tag{17}$$

Түзуге перпендикуляр $\bar{n}=(A;\,B)$ векторы оның қалыпты векторы деп аталады. Берілген түзудің жалпы (17) теңдеуінен оның кесіндідегі теңдеуін аламыз:

$$Ax+By+C=0\ \rightarrow Ax+By=-C\ \rightarrow\ \frac{x}{-\frac{C}{A}}+\frac{y}{\frac{C}{b}}=1, \tag{18}$$

мұнда $a=-\frac{C}{A}, в=-\frac{C}{B}$ түзудің сәйкесінше Ох және Oy өстерін қандай кесіндіде қиып өтетіндігін көрсетеді. Түзудің бұрыштық коэффициентімен берілген теңдеуін оның (17) жалпы теңдеуінен аламыз:

$$Ax+By+C=0 \;\rightarrow y=-\frac{A}{B}x-\frac{C}{B},\; y=kx+в, \tag{19}$$

мұндағы $k=-\frac{A}{B}$ - бұрыштық коэффициент;

$в=-\frac{C}{B}$ - Oy өсін кесіп өту бірлігі.

Берілген нүкте арқылы өтетін бұрыштық коэффициентімен берілген түзу теңдеуі:

$$y-y_0=k(x-x_0). \tag{20}$$

Егер екі түзу теңдеуі (19) бұрыштық коэффиицентерімен берілсе, онда олардың арасындағы бұрыш:

$$tg\left(l_1\hat{,}l_2\right)=\frac{k_2-k_1}{1+k_1k_2}. \tag{21}$$

5 - тапсырмаға мысал. Жазықтықта $A(-6;\,2),\, B(-1;\,5)$ нүктелері мен жалпы теңдеуімен $l_1:\; x-y+1=0$ түзуі берілген. Табыңыз:

а) A және B нүктелері арқылы өтетін l түзуінің жалпы теңдеуін;

ә) l түзуінің кесіндіде түзу теңдеуін;

б) l түзуінің бұрыштық коэффициентімен берілген теңдеуін;

в) l_1 түзуіне перпендикуляр A нүктесі арқылы өтетін l_2 түзуінің теңдеуін;

г) l және l_2 түзулерінің арасындағы бұрышты.

Шешуі:

а) $A(-6;\,2)$ және $B(-1;\,5)$ нүктелері арқылы өтетін l түзуінің жалпы теңдеуі:

$$l:\;\; \frac{x+6}{-1+6}=\frac{y-2}{5-2} \quad\rightarrow\quad \frac{x+6}{5}=\frac{y-2}{3} \rightarrow\; 3(x+6)=5(y-2) \;\rightarrow\; 3x-5y+30=0.$$

ә) l түзуінің кесіндіде түзу теңдеуін оның жалпы теңдеуінен аламыз:

$$3x-5y+30=0 \rightarrow 3x-5y=-30 \rightarrow \frac{3x}{-30}-\frac{5y}{-30}=1 \rightarrow \frac{x}{-10}+\frac{y}{6}=1;$$

Яғни, түзу Ox өсін минус 10 бірлікте, ал Oy өсін 6 бірлікте кесіп өтеді;

б) l түзуінің бұрыштық коэффициентімен берілген теңдеуін оның жалпы теңдеуінен аламыз:

$$3x-5y+30=0 \;\rightarrow\; 5y=3x+30 \;\rightarrow\; y=\frac{3}{5}x+6.$$

Яғни, l түзуінің бұрыштық коэффициенті $k=\frac{3}{5}$, ал, $в=6$ түзудің Oy өсін 6 бірлікте кесіп өтетіндігін көрсетеді;

в) $l_1:\ x-4y+1=0$ түзуіне перпендикуляр A нүктесі арқылы өтетін l_2 түзуінің теңдеуін табу үшін, алдымен l_1 түзуінің бұрыштық коэффиенттін табамыз:

$$L_1:\ x-4y+1=0 \;\rightarrow\; k_1=-\frac{A}{B}=-\frac{1}{-4}=\frac{1}{4}.$$

Екі түзудің перпендикулярлық шарты негізінде l_2 түзуінің бұрыштық коэффициені: $k_2=-4$. Сонымен, $A(-6;\,2)$ нүктесі арқылы өтетін l_2 түзуінің теңдеуі (20) формула бойынша:

$$l_2:\ y-2=-4(x+6) \;\rightarrow\; y-2=-4x-24 \;\rightarrow\; 4x+y+22=0;$$

г) l және l_2 түзулерінің бұрыштық коэффициенттері сәйкесінше:

$$l:\ k=\frac{3}{5};\quad l_2:\ k_2=-4.$$

Сондықтан, олардың арасындағы бұрыш (21) формула бойынша:

$$tg\varphi=\frac{-4-\frac{3}{5}}{1+\frac{3}{5}\cdot(-4)}\approx 3{,}286,\ \ \varphi\approx 73^0.$$

6 - тапсырмаға нұсқау.

Үш $A(x_1;\,y_1;\,z_1)$, $B(x_2;\,y_2;\,z_2)$ және $C(x_3;\,y_3;\,z_3)$ нүктелері арқылы бір жазықтық жүргізуге болады, оның теңдеуі:

$$\begin{vmatrix} x-x_1 & y-y_1 & z-z_1 \\ x_2-x_1 & y_2-y_1 & z_2-z_1 \\ x_3-x_1 & y_3-y_1 & z_3-z_1 \end{vmatrix}=0. \qquad (22)$$

Жазықтықтың жалпы теңдеуі: $P:\ Ax+By+Cz+D=0$, оның қалыпты $\overline{N}=(A;\,B;\,C)$ векторы жазықтыққа перпендикуляр: $\overline{N}\perp P$.

Жазықтықтың жалпы теңдеуінен оның кесіндідегі теңдеуін аламыз:

$$Ax+By+Cz+D=0 \to Ax+By+Cz=-D \to \frac{x}{-\frac{D}{A}}+\frac{y}{-\frac{D}{B}}+\frac{z}{-\frac{D}{C}}=1,$$

мұндағы $a=-\frac{D}{A}$, $в=-\frac{D}{B}$, $c=-\frac{D}{C}$, жазықтық координата өстерін a, $в$, c кесіп өтіп, сәйкесінше $M_1(a;\ 0;\ 0)$, $M_2(0;\ в;\ 0)$, $M_3(0;\ 0;\ c)$ нүктелері арқылы өтеді.

Сонымен жазықтықтың кесіндідегі теңдеуі:

$$\frac{x}{a}+\frac{y}{в}+\frac{z}{c}=1. \tag{23}$$

Кеңістікте екі $A_1(x_1;\ y_1;\ z_1)$ және $A_2(x_2;\ y_2;\ z_2)$ нүкте арқылы өтетін түзу теңдеуі:

$$\frac{x-x_1}{x_2-x_1}=\frac{y-y_1}{y_2-y_1}=\frac{z-z_1}{z_2-z_1}. \tag{24}$$

Кеңістікте түзуінің параметрлік түрдегі теңдеуі:

$$\frac{x-x_0}{m}=\frac{y-y_0}{n}=\frac{z-z_0}{p}=t, \quad \begin{cases} x=x_0+mt \\ y=y_0+nt, \\ z=z_0+pt \end{cases} \tag{25}$$

мұнда $\bar{s}=(m;\ n;\ p)$ түзуге параллель, бағыттауыш векторы.

Қалыпты $\overline{N}=(A;\ B;\ C)$ векторымен берілген $M_0(x_0;\ y_0;\ z_0)$ нүктесі арқылы өтетін жазықтық теңдеуі:

$$A(x-x_0)+B(y-y_0)+C(z-z_0)=0. \tag{26}$$

6 - тапсырмаға мысал. $A(4;\ -3;\ 0)$, $B(1;\ -1;\ 2)$ және $C(3;\ 2;\ 1)$ нүктелері және $P_2:\ x+y+z-5=0$ жазықтығы берілген. Табыңыз:

а) A, B және C нүктелері арқылы өтетін P_1 жазықтығының жалпы теңдеуін;

ә) P_1 жазықтығының кесіндіде теңдеуін;

б) B және C нүктелері арқылы өтетін L түзуінің канондық теңдеуін;

в) L түзуінің параметрлік түрдегі теңдеуін.

г) L түзуіне перпендикуляр A нүктесі арқылы өтетін P жазықтығының жалпы теңдеуін;

Шешуі:

а) $A(4;\,-3;\,0)$, $B(1;\,-1;\,2)$ және $C(3;\,2;\,1)$ нүктелері арқылы өтетін P_1 жазықтығының жалпы теңдеуін (22) формула бойынша табамыз:

$$P_2:\ \begin{vmatrix} x-4 & y+3 & z-0 \\ 1-4 & -1+3 & 2-0 \\ 3-4 & 2+3 & 1-0 \end{vmatrix}=0 \rightarrow \begin{vmatrix} x-4 & y+3 & z-0 \\ -3 & 2 & 2 \\ -1 & 5 & 1 \end{vmatrix}=0 \rightarrow$$

$$\rightarrow \begin{vmatrix} 2 & 2 \\ 5 & 1 \end{vmatrix}\cdot(x-4)-\begin{vmatrix} -3 & 2 \\ -1 & 1 \end{vmatrix}\cdot(y+3)+\begin{vmatrix} -3 & 2 \\ -1 & 5 \end{vmatrix}\cdot z=0 \rightarrow\ -8(x-4)+(y+3)-13z=0.$$

Сонымен, P_1 жазықтығының жалпы теңдеуі: $7x-y+13z-35=0;$

ә) P_1 жазықтығының кесіндіде теңдеуін оның жалпы теңдеуінен (23) формуласы бойынша аламыз:

$$P_1:\quad 7x-y+13z-35=0 \rightarrow 7x-y+13z=35 \rightarrow \frac{x}{5}-\frac{y}{35}+\frac{z}{\frac{35}{13}}=1;$$

б) $B(1;\,-1;\,2)$ және $C(3;\,2;\,1)$ нүктелері арқылы өтетін L түзуінің канондық теңдеуі (24) формуласы бойынша:

$$\frac{x-1}{3-1}=\frac{y+1}{2+1}=\frac{z-2}{1-2} \rightarrow \frac{x-1}{2}=\frac{y+1}{3}=\frac{z-2}{-1};$$

в) L түзуінің параметрлік түрдегі теңдеуі:

$$\frac{x-1}{2}=\frac{y+1}{3}=\frac{z-2}{-1}=t \rightarrow \begin{cases} x-1=2t \\ y+1=3t, \\ z-2=-t \end{cases} \rightarrow \begin{cases} x=2t+1 \\ y=3t-1 \\ z=2-t \end{cases};$$

г) L түзуінің бағыттауыш $\bar{s}=(2;\,3;\,1)$ векторы $A(4;\,-3;\,0)$ нүктесі арқылы өтетін P жазықтығының қалыпты векторы болып табылады: $\bar{s}\perp P$. Олай болса, P жазықтығының жалпы теңдеуін (26) формуласынан аламыз:

$$2(x-4)+3(y+3)+1\cdot(z-0)=0 \rightarrow 2x+3y+z+1=0.$$

7 - тапсырмаға нұсқаулар мен сұлбалары А қосымшасында берілген.

7 - тапсырмаға мысал. Жазықтықта $A(-7;\,3)$ нүктесі, $D:\ x=-7$ түзуі мен шеңбер радиусы $R=8$ және екінші ретті қисықтардың $a=9,\ в=3$ параметрлері берілген. Табыңыз:

а) центрі A нүктесінде жатқан, радиусы R болатын шеңбердің теңдеуін (сұлбасын сызыңыз);

ә) жарты өсьтері a және $в$ болатын эллипстің канондық теңдеуін және оның параметрлерін: фокустарының координаталарын мен эксцентриситетін (сұлбасын сызыңыз);

б) нақты өсі a, жорамал өсі b болатын гиперболанын канондық теңдеуін және оның фокустарының координаталарын, эксцентриситетін мен асимптоталарын (сұлбасын сызыңыз);

в) директрисасы D түзуі болатын параболаның канондық теңдеуін және онын фокусының координатасын (сұлбасын сызыңыз).

Шешуі:

а) центрі $A(-7;\ 3)$ нүктесінде жатқан, радиусы $R=8$ болатын шеңбердің теңдеуі: $(x+7)^2+(y-3)=64;$

ә) жарты өсьтері $a=9$ және $в=3$ болатын эллипс үшін:

- эллипстің канондың теңдеуі: $\frac{x}{81}+\frac{y}{9}=1;$

- эллипстің фокустарының координаталары: $F_1\left(-6\sqrt{2};\ 0\right)$, $F_2\left(6\sqrt{2};\ 0\right)$,

мұнда $c=\sqrt{81-9}=\sqrt{72}=6\sqrt{2};$

- эллипстің эксцентриситеті: $\varepsilon=\frac{c}{a}=\frac{6\sqrt{2}}{9}=\frac{2\sqrt{2}}{3};$

б) нақты өсі $a=9$, жорамал өсі $в=3$ болатын гипербола үшін:

- гиперболаның канондың теңдеуі: $\frac{x}{81}-\frac{y}{9}=1;$

мұнда $c=\sqrt{81+9}=\sqrt{90}=3\sqrt{10};$

- гиперболаның фокустарының координаталары: $F_1\left(-3\sqrt{10};\ 0\right)$, $F_2\left(3\sqrt{10};\ 0\right)$;

- гиперболаның эксцентриситеті: $\varepsilon=\frac{c}{a}=\frac{3\sqrt{10}}{9}=\frac{\sqrt{10}}{3};$

в) директрисасы $D:\ x=-7$ түзуі болатын параболаның параметрін $x=-\frac{p}{2}$ теңдігінен табамыз: $p=14$. Оның теңдеуі: $y^2=2px$.

Сонымен, параболаның канондық теңдеуі мен онын фокусының координатасы: $y^2=28x$; $F(7;\ 0)$.

А қосымшасы

Екінші ретті қисықтар		
$M_0(x_0;\, y_0)$– шеңбер центрі болсын ; R - шеңбердің радиусы: $R=\left\lvert\overline{M_0M}\right\rvert=\sqrt{(x-x_0)^2+(y-y_0)^2}$ Бұдан $(x-x_0)^2+(y-y_0)^2=R^2$ - шеңбер теңдеуі.		$x^2+y^2=R^2$ - центрі координата өсінің бас нүктесі болатын шеңбер теңдеуі.
$\frac{x^2}{a^2}+\frac{y^2}{в^2}=1$ эллипс a - үлкен жарты ось, $в$ - кіші жарты ось		$(2a>2c)$. $\varepsilon=\frac{c}{a}<1$ - эксцентриситет, $F_1(-c;\,0)$, $F_2(c;\,0)$- фокустары, $\lvert F_1F_2\rvert=2c$, мұнда $c=\sqrt{a^2-в^2}$; $x=\pm\frac{a}{\varepsilon}$ - директрисалар. $r_1=a+\varepsilon x,\ r_2=a-\varepsilon x$ - фокальдық радиустер; Егер $a<в$, онда $\varepsilon=\frac{c}{в},\quad c=\sqrt{в^2-a^2}$
1. $\frac{x^2}{a^2}-\frac{y^2}{в^2}=1$ - гипербола; a - нақты жарты ось, $в$ - жорамал жарты ось. 2. $-\frac{x^2}{a^2}+\frac{y^2}{в^2}=1$ - гипербола; $в$ - нақты жарты ось, a - жорамал жарты ось,		$(2a<2c)$. $\varepsilon=\frac{c}{a}>1$ - эксцентриситет, $F_1(-c;\,0)$, $F_2(c;\,0)$- фокустары, мұнда $c=\sqrt{в^2+a^2}$; $\lvert F_1F_2\rvert=2c$. $x=\pm\frac{a}{\varepsilon}$ - директрисалар; $x=\pm\frac{в}{a}$ - асимптоталары; фокальдық радиустер: $r_1=\varepsilon x+a,\ r_2=\varepsilon x-a$ - оң жақ тармақта; $r_1=-\varepsilon x-a,\ r_2=-\varepsilon x+a$ - сол жақ тармақта;
Парабола теңдеулері: 1. $y^2=2px$ 2. $y^2=-2px$ 3. $x^2=2py$ 4. $x^2=-2py$ мұнда $p>0$ - параметрі.	$y^2=2px$ параболасының сұлбасы 	1. $F\left(\frac{p}{2};\,0\right)$- фокусы, $x=-\frac{p}{2}$ - директриса. 2. $F\left(-\frac{p}{2};\,0\right)$- фокусы, $x=\frac{p}{2}$ - директриса. 3. $F\left(0;\frac{p}{2}\right)$- фокусы, $y=-\frac{p}{2}$ - директриса. 4. $F\left(0;-\frac{p}{2}\right)$- фокусы, $y=\frac{p}{2}$ - директриса.

Әдебиеттер тізімі

1 Данко П.Е., Попов А.Г., Кожевникова Т.Я. Высшая математика в упражнениях и задачах. ч.2. –М.: ОНИКС 21 век, Мир и образ., 2008. - 489 с.

2 Байбазаров М.Б., Атабай Б.Ж. Жоғары математика. Есептер жинағы. 1- бөлім. -Алматы, АЭжБУ, 2019. - 239 б.

3 Мұстахишев К.М., Атабай. Б.Ж. Математика (жалпы және арнаулы курс). 1 бөлім: жоғары техникалық оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2015. - 304 б.

4 Хасеинов К.А. Задачи и упражнения по инженерной математике (с индивидуальными заданиями). Часть 2. –Алматы, 2009. - 631 с.

Мазмұны

Жиынтық жоспар 2019 ж., бап. 163

Атабай Бегімбет Жұмабайұлы
Зияханов Мухтар Умирзакович

МАТЕМАТИКА I

5В074600 «Ғарыштық техника және технологиялар»
мамандығы студенттері үшін есептеу-сызба жұмыстарды орындау бойынша
әдістемелік нұсқаулықтар мен тапсырмалар
1 бөлім

Редакторы Ж.Н. Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Г.И. Мухаметсариева

Басуға « ___» ____2019 ж. қол қойылды.   Пішімі 60х84 1/16
Таралымы 25 дана.   Баспаханалық қағаз №1
Көлемі 1,9 оқу-бас. ә.   Тапсырыс №___ Бағасы 937 тг.

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1